| 1 | **Жамбыл Дауталиев, жергілікті тұрғын, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы:**<br>1. Сіз маған осы соданы өндіру технологиясын айтып жіберсеңіз? Қалай өндіріледі? Неден өндіріледі?<br><br>2. Соданы алу үшін: 1) тұзды көлдің рапасын сорып алу керек, сосын оны алып үлкен бассейнге құйып қояды — технология бойынша айтып отырмын сізге. Сол су әбден буланып, суы кеткеннен кейін астында кристаллизация болады. Сол кристаллизацияға химиялық заттар қосу арқылы сода өндіріледі. Яғни, тұздың бетіндегі аз рапаны сіздер үлкен бассейнге сорып алайын деп жатырсыздар. Ол жаңағы тұз өндіруден де сорақы болып кетеді. Сондықтан бұл процесс біздің жерге бармайды. Біздің көлге құятын екі-үш азғантай бұлақ бар. Жаңбырлы су жақсы болса, кішкене көбейеді. Ал оны сіздер үлкен комбинат салып, суды сорып алсаңыздар, көлдің бетінде ештеңе қалмайды. | **Асанов Дәулет, компания өкілі:**<br>1. Дәл қазір мына жерде жоба бойынша тек қана қазбалау жұмыстары қарастырылып жатыр, өңдеу емес. Жаңа айтып өттім, ең беткі жағын арнайы фрезалармен аламыз. Соларды әкеліп, жердің бетінен шамамен 30 см тереңдікке дейін қазбалап аламыз, одан кейінгісін 3 метр тереңдікке дейін кәдімгі экскаватормен аламыз. Тұзды алғаннан кейін осы участок ішінде сусыздандыруға арналған уақытша алаң болады, сол жерде қойып, рапасы біраз аққаннан кейін әрі қарай көлікке тиеп, регламент жасауға, тексеріске жіберуге алатын боламыз.<br>**2. Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-ң құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>Біз бұл жерге сода шығарамыз деп айтып жатқан жоқпыз. Сіз қазір басқа жаққа кетіп бара жатырсыз. Мекеменің аты «Аралсода» болғандықтан, біз сода шығарамыз деп отырған жоқпыз. Біз қазір басқа өнімдерді шығарамыз. Рапаны пайдаланбаймыз. Жаңа Су кодексі бойынша көлдегі рапаны пайдалануға мүмкіндік жоқ. Сондықтан біз оны пайдаланбаймыз да, оған тиіспейміз. Қазір жоғары технологиялық өнімдер бар: ваннаға арналған тұз, таблеткаланған, малға арналған престелген тұз. | |
| 2. | **Шынғазиев Байжан, Бөдене ауылының тұрғыны:**<br>Ауданда дайын өнім бар ИндерТұз мекемесінде алда жібере бер. | **Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-ң құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>Шетелге ондай түрімен жібере алмаймыз. | |
| 3. | **Жамбыл Дауталиев, жергілікті тұрғын, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы:**<br>Неге сіздер екі компания болып бөлініп отыр: «Аралтұз» және «Аралсода»? Екеуінің айырмашылығы қандай? Екеуі бір мекеме ме, әлде бөлек пе? Егер «Аралтұз» түсінікті — тұз шығару, басты міндеті сол болса, «Аралсода» не үшін, соны түсіндіріп беріңіз? | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Бұл үлкен холдингтің ішінде екі компания, екеуі бауырлас компания. Неге бөліп отырсыздар дейсіздер, өйткені алғаш рет шығарған кезде осы Индер көлі бойынша мемлекет дайын кен орны ретінде шығарғанда, аукционда осы екі компания лицензиялық учаскелерге ие болды. Қазіргі таңда міне осындай технологиямен кіреміз деп өткен жолы тыңдауда да айттым, бірақ нақты айта алмаймыз, өйткені қазір біз технологиялық регламент жасауымыз керек. Сол технологиялық регламент жасалғаннан кейін барып білетін боламыз: қандай фабрика | |

27

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | келеді, қай жерде тұрады?<br>Сіз айтып отырғаныңыз — сіз кішкене келешекке кетіп отырсыз, оның бәрі келешектегі жоспарлар. Бірақ дәл қазір сізге осы жерде осындай фабрика болады деп айта алмаймыз. Екі компания екі түрлі өндіріспен айналысады, бірақ дәл қазір нақты регламент жоқ. Регламент келген соң айта аламыз. Мақсат — жер алу емес, мақсат — дұрыс өндіріс ашу.<br>Қазір өздеріңіз көріп отырсыздар, «Индертұз» компаниясы сияқты тұзды шығарып алып, сусыздандыру жасап, шетке шығарып, кептіріп, одан кейін техникалық түрде сату. Біз ондай өндіріске қазір көңіл бөліп отырған жоқпыз. Өйткені біздің мақсат — өткен жолы айтып өттік — тұздың басқа түрлерін шығару, сапасы жоғары, бағасы жоғары тұз өндіру.<br>Жаңа сіз айтып отырған сусыздандыру алаңы судың бәрін төгіп жатыр деп — енді оның бәрі істеліп жатқан процесс. Соның бәрі сол жерде жүзеге асады. Ол тіпті бүгін картада да прудтарында көрініп тұр. Енді дәл қазір «рапа кетті, қашты, жоғалды» деп айтуға келмейді. Жақсықылышта сіз айтып отырғандай, жаңағы прудтар болады деген — оның бәрі бар, рапа ешқайда қашқан жоқ.<br>«Аралтұз» компаниясы сол жерде 100 жыл болды өндіріп жатқанына. Рапаны жоқ қылу ешбір компанияның мүддесіне келмейді. Керісінше, ол мүддесіне қарсы келеді. Ертең күні сен рапаның суының бәрін құртып алсаң, кен орнынан айрыласың. Ал ұзақ уақытқа жұмыс жасаймын дейтін компания рапаны баласындай күтеді. Ол енді өндіріске дұрыс көзқараспен қарайтын кез келген бизнес солай қарастырады. Өйткені рапаның деңгейі дұрыс, сенің балансыңдағы тұздың қайтадан шығуы да соған байланысты болады. | |
| 4 | **Танат Нурумов, Атырау қаласының тұрғыны, «Намыс» Атырау облыстық каратэ-до федерациясы» қоғамдық бірлестігінің басшысы:**<br>1.Сіз жаңа айтып тұрған «мен осындай гарантия беремін, өтпеймін, сөйтпеймін» деген сөздерді бізге айта алмайсыз, себебі сіз мемлекеттік мекеме емессіз, сіз — жекеменшік мекемесіз. Ол жерде жекеменшік мекеме болғаннан кейін «Аралсода», «Аралтұз», тағы бірдеңе — «алик-малик-шарик» болып кетті. Сондықтан бұл жерде сіздің жаңағы сөзіңіз біртүрлі, алдау сияқты болып көрінеді. Сіз бізге келіп «мен Индер тұзды көліне жауап беремін» деген сөздеріңіз өтірікке жақындайды. Себебі сіздер Индер тұзды көлін «ерекше қорғалатын аймақтан» қорғалмайтын аймаққа шығарып жіберген кезде, мына жерде жазылып тұр — тек қана телефондық опрос жасағансыздар. Біреуге телефон соғасыздар, олар «ия, ия» деп айтады, сіздер Индер тұзын түгелімен жойып жіберсеңіздер де, рұқсат деп қарап | **Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-ң құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>Ол кісіде сұрақ жоқ, тек ұсыныс. Ұсынысты қағаз жүзінде жібере салыңыз.<br><br>**Дәулет Асанов, компания өкілі**: Біріншіден, сіздің айтып отырғаныңызға сенсек, арнайы компания инвестициямен келіп, мақсат қойып отырғаны осы көлді құрту сияқты болып көрініп тұр.<br><br>Сіз айтып отырған ұсынысыңыз — тыңдауды тоқтату керек деп. Әр қоғамдық тыңдау нақты тақырып бойынша өтеді. Қазір, тұзды өңдеу емес, тек қана қазбалау жұмыстары қарастырылып жатыр. Сондықтан «сендер мына жерге өндірісті әкеліп тұрған жоқсыздар, қысқартыңдар» деген — орынсыз нәрсе. Қоғамдық тыңдаудың қағидасы бар.<br>Қоғамдық тыңдау өткізудің қағидалары бар. Сол жерде қоғамдық тыңдау не себепті өтпейтіні нақты жазылған. Жергілікті атқарушы орган, доклад, тұрғындар болмаса, онда тыңдау өтпейді деп танылады. Бірақ тағы да айтып өтейін: өндіріс жағын қарап | |



28

| | | | |
|---|---|---|---|
| | отырады. Сондықтан мына жердің өзінде-ақ ең басынан өтірік көрініп тұр сіздерде. Жекеменшік компания бізге ешқандай гарантия бере алмайды, қоғамдық тыңдауды тоқтатайық.<br>2. Сіздер жаңағы басқа жерде 2009 жылдан бері салынып жатқан мекемелеріңіз қазір жұмыс жасап тұр ма? Бұрын басқа жерге инвестиция жасап көрдіңіздер ме?<br>3. Біз инвесторлардың көрім пайдасын, мысалы, Доссордан Ғазиз ағамыз келіп тұр ғой, ENSS деген алпауыт мекеме бар, инвестордың көкесі. Бірақ Доссорға барғанда, дәретхана көшеде, су жоқ, үйлердің бәрі быт-шыт, су екінші этаждан жоғары көтерілмейді. Ол жерде 30 жыл бойы мұнай өндіріліп жатыр. Сіздің мекемеңіз келіп Индердегі көгалдандырады дегенге сеніп тұрған жоқпын.<br>4. Мына жерде жазылып тұр ғой, тізбеден алып тастау үшін қоғамдық тыңдау өткізу тапсырылмайды деп. Ал сіздер қоғамдық тыңдауды өткізбейсіздер? | отырған жоқпыз, ол келешекте болатын нәрсе. Біз қазір дәл сізге айта алмаймыз, мына жерде мынадай өндіріс тұрады деп. Бұл — келешектегі жоспар. Қазір тек қана қазбалау жұмыстары қарастырылып жатыр. | |
| 5. | **Шынғазиев Байжан, Бөдене ауылының тұрғыны:**<br>Өткен жолы сіздер тұз өндіреміз деп айттыңыздар ғой. Егер екеуі егіз компания болса, екінші «Аралсода» компаниясының не қажеті бар? Өткенде сіздерге айтылды ғой: егер екеуі егіз компания болса, онда екінші «Аралсода» компаниясының не қажеті бар? Өткенде сіздерге айтылдығой, мына жерде халық отказ берді, «екіншісін жасамай-аққояйық» дедік. 100 пайыз гарантия бересіздер ме халық жиналмайтынына? Жиналмады, ал айтыңызшы. Енді не деп тұрсыздар? Өткенде Нұрхан сөйлейді дейсіздер, оны қайдан танисыздар? | | |
| 6. | **Бақытжан Құнас, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы:**<br>Сіздер ешқандай жауап беріп тұрған жоқсыздар.<br>Сіз Көкшетаудағы мекемесіз, жоба жасайтын. Енді неге мына кісі үшін жауап бересіз? Мен сода шығармаймын, анау-мынау дейсіз? | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Мен сіздерге заңды түрде жауап беріп тұрмын, сіздер эмоциямен айтып тұрсыздар. | |
| 7. | **Танат Нурумов, Атырау қаласының тұрғыны, «Намыс» Атырау облыстық каратэ-до федерациясы» қоғамдық бірлестігінің басшысы:**<br>Сіздің жобаңыз договор бойынша ғой. Қайдан білесіз ол кісі не жасайын деп отырғанын? Білмейсіз ғой сіз. | **Дәулет Асанов, компания өкілі:**<br>Жаңа айтып отырсыз, «қалай шығады» деп. Содан кейін сіздердің айтуларыңызға сенсек, жеке бір компания келе салып, әншейін шығара салды деген сияқты. Негізі ерекше қорғалатын табиғи аймақтың тізбесіне қосатын да, шығаратын да мемлекет — жергілікті атқарушы орган емес, орталық атқарушы органдар, министрліктер. | |
| 8. | **Шынғазиев Байжан, Бөдене ауылының тұрғыны:**<br>Халықтың келісімі қайда?<br>Мен қарсымын. | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Ол жерде «халықпен келісім» деген ештеңе жоқ. Ондайды айтпай-ақ қойыңыз. | |
| 9. | **Шынғазиев Байжан, Бөдене ауылының тұрғыны:**<br>Неге? | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Солай. Қағидаларында «халықпен келіседі» деген міндетті түрде көрсетілмеген. Оны мен де | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бекіткен жоқпын, сіздер де бекіткен жоқсыздар. Заң бар, болды. Ол жерде мемлекет өзі жұмысын жасайды да, өзі шешімін шығарады. Бұл жерде ешкімнің несі жоқ. Ертең келіп сұрамайды: «Айналайын, сен қарсысың ба, қалай қарайсың?» деп. Өздері шығарады. | |
| 10. | **Шыңғазиев Байжан, Бөдене ауылының тұрғыны:**<br>Хат жіберді деді ғо, Атырау облысы әкімдігіне, экологиясына келісімін алып, ерекше қорғалатын аймақтан шығарылсын деп. Бірақ телефонмен халықпен келісіліп, рұқсат алынды дейді, бірақ заңда телефонмен сауалнама жүргізіледі деген жоқ. Жоғарыда отырған кісілер соны біле тұра, экологиялық зонадан алып тастауды дұрыс деп ойлайсыз ба? | **Дәулет Асанов, компания өкілі**:Мен тек қана заңмен айта аламын. Менің өз көзқарасымнан заң өзгермейді, аға. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға кіргізу де, шығару да — заңнама құжаты, ол — Үкіметтің постановлениесі. Оның бәрі арнайы заңмен жасалады. Нормативтік құқықтық актілер туралы заң бар.<br>Соның ішінде жазылған әрбір заңнама қабылданған кезде «общественный слушание» емес, «общественный обсуждение» деген түсінік бар. «Общественный обсуждение» дегентүсініктіңзаннамадане екені нақты анықтамасы жоқ. Бізде Экологиялық кодекс бойынша екі анықтама бар: ресми түрде өткізілетін процедура — общественный слушание, одан бөлек публичный обсуждение деген бар. Оны қалай өткізу — нақты қағидада белгіленген: бір, екі, үш деп нақты жазылған.<br>Ал мына жерде заңды жазған кезде біреу шатасып «қоғамдық талқылау» дегенді қосып жіберген. Екі түрлі заңдық нәрсенің орнына үшінші нәрсе шыққан. Оны қалай өткізу керек, қалай жасау керек — ешқандай регламенті жоқ заңнамада. Өздеріңіз ашып қарауға болады. Сондықтан өткізген кезде кім қалай өткізеді, солай өткізе береді. | |
| 11. | **Танат Нурумов, Атырау қаласының тұрғыны, «Намыс» Атырау облыстық каратэ-до федерациясы» қоғамдық бірлестігінің басшысы:**<br>Бауырым, неге халықпен кездеспедің? Азамат ретінде неге халықпен осындай кездесу өткізіп жібермедің?<br>Кіммен кездестің, неше адаммен кездестің? | **«АралСода» компаниясының экологы, Балжан Амирова:**<br>Қоғамдық тыңдау алдында бірнеше рет кездесу өткізген болатынбыз. Осы жерде қатысқан адамдар жоққа шығармайды деп ойлаймын. Кездесулер әкімдік арқылы жергілікті тұрғындармен болған.<br><br>**Мурзин Артур, аудан әкімінің орынбасары:** Біз осыған дейін, жылдың аяғында, бұл кісілерге өзім ұсыныс бергенмін: қоғамдық тыңдау алдында халықтың алдына келіп, өз жобаларыңызбен таныстырыңыздар, қандай жоба болады, қанша адам жұмыспен қамтылады, жалпы Индерге келу ойларыңыз қандай — деп. Бұл кісілер келді, ағаларымыз қатысты, 30 шақты адам қатысты. Одан бөлек қоғамдық кеңес мүшелерімен де аудан әкімдігінің залында онлайн түрде кездесті. Хаттама бар. Ол кезде де қоғамдық кеңес тарапынан ұсыныстар берілді. | |
| 12. | **Каражанова Ляззат, «Ақжайық» газетінің тілшісі:**<br>Ұсыныстар орындалдыма? | **Мурзин Артур, аудан әкімінің орынбасары:**Оны қоғамдық кеңес қадағалайды. | |
| 13. | **Мурзин Артур Табылдыұлы, қоғамдық тыңдау төрағасы, аудан әкімінің орынбасары:**Сұрақтарыңызға жауап | Көпшілігі: Жоқ, ала алмай жатырмыз. | |

30

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алып жатырсыздарма? | | |
| 14. | **Мұқанов Марат, зейнеткер, эколог-маман:**<br>Өзімді таныстырып кетейін. Мұқанов Марат Ғаппасұлы боламын. Атырау облыстық экология департаментінде 16 жыл жұмыс жасадым. Оның ішінде эколог болып Индер аудандық инспекциясында жұмыс жасадым. Тұздың жағдайын, тұздың калыптасу режимін менен жақсы білетін адам жоқ деп ойлаймын. Сондықтан, інім, сіз баяндама жасап жатырсыз. Алдында «Аралтұз» мекемесін тыңдадық кой, сонда карсы шыққанмын: бұндай мекеме бұл жерге келіп жұмыс жасауға болмайды деп.<br>Енді сендер келіп, «Аралтұз» да, «Аралсода» да — екеуінің айырмашылығы жоқ болып тұр. Сендер де тұз өндірейін деп тұрсыңдар, солай ғой? Ең бірінші қоғамдық кеңес отырысына келгенде мен қатыстым. Сонда сіздер айтқансыздар: «Аралтұз» мекемесі тұз өндіреді, «Аралсода» мекемесі кальцийлендірілген сода өндіреді дегенсіңдер. Сондықтан біздің жоспарымыз — Индер көлінің жағасынан кальцийлендірілген сода өндіретін зауыт саламыз дегенсіңдер.<br>Мен жаңа сода жайлы айтады деп ойладым. Бірақ сендер тұзөндіреміз деп бұрыпалып тұрсыңдар. Ал мен алдында «Аралтұз» бойынша халықтың көзінше айттым: біз жанар-жағармай мен жұмыс жасайтын техникамен тұздың үстіне шығып жұмыс жасауға болмайды дедім.<br>Енді сендердің сұрап отырған учаскелеріңді жақсы білемін. Ол жерде желдің бағыты 15–20 м/с жылдамдықпен соғады. Айдын су сол сендер сұрап отырған учаскеге жиналады. Сондықтан ол жерде жанар-жағармаймен жұмыс жасайтын экскаватор болсын, скрепер болсын, ол тұздың үстіне шығып кете алмайды, түгелімен батып кетеді. Себебі мен 80-жылдары тұздың үстін бұрғыладым. Сол кезде бұрғылау жұмыстары жүргенде өзім мамандығым тау-кен инженері, бұрғышы-геологпын бір жағынан, экологпын бір жағынан. Сонда мен айттым: «Аралтұз» мекемесі бұл Индерге келіп тұз өндіру жұмыстарын атқаруға түбегейлі карсымын деп.<br>Қазір «Аралсода» мекемесіне де айтқым келеді. Жамбыл інім жақсы айтып кетті: егер, сендер осы тұзды көлдің жағасынан зауыт салатын болсаңдар, онда оның қасіреті деген — бізді түгелімен көшіріп жібересіңдер Индерді, улайсыңдар. Баленбай мыңдаған қалдық шығады. Одан | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Жаңа сіз қоғамдық кеңестің жиналысын айтып отырсыз, сол кезде өзім де болдым, баяндаманы өзім жасағам. Сол кезде сіздің ұсынысыңыз болған: «Неге кішкентай компания кіріп жатыр, бұл жерде үлкен компания кіріп, ірі өндіріс болу керек» деп өзіңіз айтқаныңыз менің есімде.<br>Жақсы, айтып отырған зауыт мәселесі. Зауыт құрылысына жобалық материалдар дайындалғаннан кейін, тура осындай жеке қоғамдық тыңдаулар өткізілетін болады. Ол жерде нақты қабылданатын технологияның бәрі қарастырылады.<br>Жаңа сіз айтып отырған «су кетіп жатыр» дейсіз. Негізі қазір заман өзгерді. Өзім өндіріс саласын көп көріп жүрген адаммын. Кеңес Одағынан қалған мұра өте көп. Ол кезде геомембрана дегенді ешкім білмеген. Хвостохранилищені кез келген жерге қоя беретін. Біздің қаланың ортасында радиациялық қалдықтар тасталған жерлер бар. Степногорскіде қаншама уланған жерлер бар.<br>Қазір технологиялар бөлек. Қазір міндетті түрде Экологиялық кодекстің талаптары бар. Егер прудтар жасалатын болса, сіз айтып отырғандай, геомембрана салынып, арнайы «ванна» сияқты жасалады. Оның ешқандай қауіптілігі жоқ. «Маңайына бәрі ағып кетеді» деген — ол жеке жобаның ішінде қарастырылады.<br>Негізі мен сіздің ұсынысыңызды түсініп отырмын, оның бәрі хаттамаға түседі. «Қарсымын» деген ойыңыз да тіркеледі. Келешекте жоба жасалатын болса, дәл осылай алдарыңызға келіп толық түсіндіретін боламыз. | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | натрий карбонатка аммиак косасындар, аммиактан көміркышкыл газы өтеді, сол кезде кальцийлендірілген сода пайда болады. Ал одан калған калдык — уланған су шығады, содан кейін уланған магний калдыктары шығады. Олар өте улы заттар.<br>Жазда, күзде, көктемде жаңбыр мен кар суымен бәрі еріп, топыракка сіңеді. Ол жер асты суымен тұтасып жатыр. Ол барып, мыңдаған Жайык өзеніне әсер етеді, бүкіл елді асырап отырған флора-фауна жойылады. Бұл — глобалдык мәселе, оңай емес. Сондыктан мен түбегейлі карсымын. «Аралсода» мекемесінің біздің ауданға келіп жұмыс жасауына түбегейлі карсымын. | | |
| 15. | **Мұканов Марат, зейнеткер, эколог-маман:**<br>Жок, ол мен емес айткан. Менің айтайын дегенім — мұндай мекемелер тұзды көлдің жағасынан зауыт салып, экологиялык тепе-теңдікті бұзатын болса, біз бұған карсымыз дедім. Енді алдағы уакытта, мысалы, сіздер Аралдан келіп тұрсыздар ғой, баяғы Кеңес үкіметі кезінде үкіметтің теріс көзкарасы әсерінен Арал теңізін құртып жіберді. Осындай саясаттың кесірінен.<br>Енді сіздер келіп Индер тұзды көлін құртсаңыздар, біз болашак ұрпакка не айтамыз? Бізден кейінгі ұрпак: «Сол кезде әкімдік кайда карады, көзі ашык адам болмады ма екен?» демей ме? Сондыктан мен карсылығымды айтып тұрмын. Халык рұксат беріп жатса, онда земснаряд колдану керек. Мұндай техникамен жұмыс жасауға болмайды. | **Дәулет Асанов, компания өкілі:**<br>Земснаряд туралы айтып өтейін. Ол жерде пульпара деп аталатын коспа шығады | |
| 16. | **Фазылов Қокажан, зейнеткер, кент тұрғыны:**<br>Земснаряд дегенді білесіз бе? Қайдан білесің?<br>Шлам кайтадан көлге кетеді. Онда ешкандай шлам жок. Тек рапа, тұз жуылады. | **Дәулет Асанов, компания өкілі:**<br>Жаксы білемін.<br>Гравиидан. Гравийді земснарядпен шығарады. Шламды кайда жібересіз аға.<br>Земснарядпен істегенде, ол таңдамайды — бәрі көтеріліп шығады. | |
| 17. | **Жамбыл Дауталиев, аудандык коғамдык кеңес төрағасы:**Мен сіздерге желтоксанда онлайн аркылы, Zoom аркылы өткен «Аралтұзды» коғамдык кеңесте тыңдадык. Сол кезде сіздер айттыңыздар: көлдің ортасынан 10 гектар жер аламыз, жылына 37 мың тонна тұз шығарамыз дедіңіздер. Біз айттык: неге Индерден кашыктау жерден неге алмайсыздар, ар жактан | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Неліктен 10 га алып отырсыздар дейді. Өткенде айтып өткенмін: технологиялык регламент жасау үшін проба керек. Сол үшін технологиялык регламент дайындауүшін бізге көп сырье керек. Соның бәрін дайындап алғаннан кейін ғана сіздердің алдарыңызға накты жобамен келе аламыз. Өткен жолы сиякты оны алдын ала талкылауға да болады. Қоғамдык кеңестің алдына да келіп көрсетуге болады. Оның бәрі | |

32

| | | | |
|---|---|---|---|
| | неге алмайсыздар деп? Сіздер айттыңыздар: өндіргенде былай өндіреміз деп.<br>Біз айттық: өндіргенде земснарядпен істейсіздер, ешқандай техниканы көлдің бетіне шығаруға болмайды деп ұсыныс айттық. Бірақ сол кезде сіздердің ойларыңыз тек қана 10 гектар жерді қараймыз, білеміз, не шығаратынын зерттейміз болды дедіңіздер.<br>Не зерттейтіні бар? Біздің Индер көлінің тұзы — әлемде жоқ тұз. Мұны бүкіл әлем біледі. Тіпті мен бір оқиғаны айтайын: 2008 жылы Париждең екі француз велосипедпен келе жатыр екен. Менде фотосы да бар. Сонда айтқан: «Қайдан білесіңдер?» деп. Олар: «Бұл — дүниежүзіне танымал жер, мұндай тұз еш жерде жоқ» деген.<br>Сіздер сапасын білесіздер, не үшін оны анықтау керек? Сіздер ол кезде 68 пайыз көлді болашақта зерттеуге аламыз деп айтқан жоқсыздар. Біз тек 10 гектарды білдік. Енді мына жиналысқа келіп, сіздердің ойларыңыз бүкіл көлдің 68 пайызын қазу болса, онда біздің аудан тұзға көміледі деген сөз.<br>Сондықтан сіздердің бастапқы әрекеттеріңіз бір-біріне қайшы келіп жатыр. Сіз Марат ағаға «сұрақты сіз қойдыңыз» деп айтып жатырсыз, бірақ ол сұрақты сізге басқа адам қойды. Неге сіз үлкен мекеме бола тұра 10 гектар деп кіресіздер? Ал енді сіздердің ойларыңыз кейін бүкіл көлді қазу болып шығып жатыр, оны сіздер бастапқыда айтқан жоқсыздар, қазір ғана шығып отыр.<br>Сондықтан ешнәрсені жасырмай, мына отырған халыққа ашық айтыңыздар: болашақта не болады? Біз білмейміз деп отырмыз, біз болашақты көре алмай отырмыз. Біздің қорқып отырғанымыз — болашақ ұрпағымызға не болады деген сұрақ.<br>Ауданға зиян келетін болса, онда оның бізге не керегі бар? | — келешекте жасалатын жұмыс.<br>Сіздің айтып отырғандарыңыздың бәрі орынды, оның бәріне құлақ асамыз. Жаңа айтып жатқандай, «зиян келмесін, қандай көлемде аласыздар» деген сұраққа — шын айтайын, біз әлі зауыт қандай болатынын нақты білмейміз. Мысалы, нарыққа қандай өндіріс келеді, қаншалықты көлемде болады — ол әлі анықталу үстінде. | |
| 18. | **Шыңғазиев Байжан, Бөдене ауылының тұрғыны:** Мына Индер тұздың айналасын көрдіңіздер ме деп сұрадық, «көрдік» дедіңіздер. Артынан «дронмен көрдік» дедіңіздер. Айналып қанша км? | **Балжан Амирова, компания экологы:** Өзім барып көрдім.<br>Сіз сұрайтыныңызды білген жоқпын, сондықтан санаған жоқпын. Осыған дейін бірнеше рет біздің компанияның жұмыскерлері шығып, сол жақты көрген.<br>Алдында «айтқан жоқсыздар» деген сұраққа жауап берейін: бұрын барлығы айтылған, 4 лицензия бар екенін, барлық лицензия бойынша қаншама аумақты игеруге дайын екенімізді. Барлауға лицензия 2021–2022 жылдары алғанымызды жасырмаймыз. Оның Қазақстанның әрбір тұрғыны сайттан көре алады, мемлекеттік қордан да көре алады.<br>Тағы бір сұраққа жауап берейін: жобалаушы бізде, жаңа өзінің реквизиттерін көрсетіп жатыр. Осы жоба — өндіруге арналған 37 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Залдан:** Это некорректный ответ | мың тонна, 10 га жерге арналған жобаны «Аралсода» болсын, «Аралтұз» болсын — жобалауға лицензиясы жоқ. Ол лицензиясы бар, қоршаған ортаны қорғау саласында жобалау жұмыстарына құқығы бар, мүмкіндігі бар, барлық есеп-кисаптарды заң жүзінде Қазақстан Республикасының аумағында бекітілген әдістемелерге сәйкес жасайтын компания.<br>Оны «Аралтұз», «Аралсода» немесе «Индертұз» болсын — бізден бөлек кез келген компания да жалдайды. Бұл тек біз ғана істеп отырған жұмыс емес. Сондыктан «сен аннан келдің, мыннан келдің» деген артық әңгіме.<br>Лицензия үшін бұл компания жауап береді. Мемлекеттің алдында, Экология министрлігінен алынған лицензиясы бар.<br><br>Это корректный ответ. Лицензия нөмірін жіберуге болады, байланыс деректерін калдырсаңыздар, тексерсеңіздер болады. | |
| 19. | **Кокажан Фазылов, кент тұрғыны:** 1.Сіз жаңа айтып отырсыз, холдингтің ішіне бірнеше мекеме кіреді деп. Ол кандай холдинг? Соны білгіміз келеді.<br><br>2. Земельный отвод 10 га алып отырсыздар ғой?<br><br>3.Бірінші, кез келген добыча жасайтын мекемеге горный отвод ресімделеді. Горный отводыңыз кайсы?<br><br>4.Ескі емес. Заң өзгерген жоқ. Горный отвод кез келген тау-кен өндіруші кәсіпорынға бірінші беріледі. Соданкейін горный отвод негізінде земельный отвод рәсімделеді.<br><br>5. Жок, олай емес. Келесі сұрақ: кеше сіз айттыңыз добычной участок Индерден 8 км деп айттыңыздар. Бүгін неге 15 км болып кетті?<br><br>6. Неге бірден айтпайсыздар, 20 га сұрап отырмыз деп?<br><br>7.Екінші учаске казір ана жерде, үш тұзбұлак бар. Сол үш тұзбұлақтың жоғары жағына кетіп тұр. Анау где-то 99-ші учаскенің түсі. Мына шығыс жағы Қыз әулие. Сіздер калай учаскені алып отырсыздар?<br><br>8.Сіз айтып отырсыз, «тұздың жағасында ештеңе болмайды» деп, біз тұзды отправка жасаймыз дейсіздер. Қандай транспортпен отправка жасайсыздар?<br>9. Автокөлік пен мүлдем тасымалдауға болмайды. Оны біз кезінде көрдік. | **Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-н құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>«Яссай» холдингі. Оның ішіне «Аралтұз» кіреді, акционерлік коғам «Аралсода» кіреді, алтын зауытымыз бар, марганец зауытымыз бар. Сіздің жаңағы сұрағыңызға жауап берейік: көлдің бетінде, жағасында ешкандай зауыт салмаймыз.<br>**Дәулет Асанов, компания өкілі:** Земельный отвод емес, бұл жерде земельный отвод берілмейді. Қазбалау жұмыстарына. Горный отвод деген ескі пайымдама.<br>Земельный отвод тек кана лицензия алғаннан кейін беріледі жергілікті аткарушы органмен. Жер кодексін қараңыз.<br>Баска участок, екі түрлі участок.<br>Ол екі түрлі заңды мекеме. Екеуінің учаскелерін шатастырудың кажеті жоқ. Міне казір «Аралсода» сұрап отырған учаске мына жерде (презентациядағы картаны көрсетіп отыр). «Аралтұздың» сұрап отырған учаскесі шамамен мына жерде болған. Өткен жолы презентацияда көрсеттік. Бұл екі түрлі мекеме, екі түрлі жоба. Әркайсысы 10 гектардан сұрап отыр.<br><br>Автокөліктермен.<br><br>Кеңес Одағының кезіндегі заңнама керемет болса, айтыңызшы, қалай ғана калалардың дәл ортасында хвостохранилищелер пайда болды, зауыттар пайда болды? Менің каламда тұрғын үйлердің 200 метр кашыктыкта үлкен металлургиялық комбинат тұр. Ол — сол Кеңес Одағы кезіндегі заңнамамен істелінген. Санитарлық корғау аймағы түгіл ешкандай норматив те болған жоқ ол кезде.<br>Бізде санитарлык кағидалар бар, СЭС оны жақсы біледі. Сол жерде тұз өндірісінде үш түрлі санитарлық корғау аймағы көрсетілген: | |



34

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Бізде тасымалдау кезінде тұзды көлден теміржол бойынан біз тупик салдық, 4 км ғана еді, сонын өзінде канша шығынға отырдық. Сен ана жақтан жағадан 99-ға дейін неше км жүресің? Ана жерде сен кем дегенде 4–5 км жүресің. Сен көлді шығыс жағынан жел соғады, сен көлді түгел шаңға көмесің.<br>10.Санитарлық қорғау аймағы 500 метр дейсіздер, ал Совет үкіметі кезінде санитарлық қорғау аймағы 2 км болған. Сонда не, ол кезде бәрі дұрыс емес пе еді? Сендер кандай методикамен есеп жасап отырсыңдар? | 100 метр — дәл осындай кішкентай өндіріске арналған, 300 метр — егер переработкасы болса, одан кейін 500 метр — егер комбинат болса. Біз, как будто комбинат бар сияқты, ең жоғарысын алып отырмыз.<br>Сіз жаңа айтып отырған 2 км деген — Кеңес Одағы кезінде ешқашан ондай санитарлық қорғау аймағы болмаған. Кеңес Одағының қағидаларын ашсақ, ең үлкен санитарлық қорғау аймағы қазіргі Қазақстандағы сияқты 1000 метр ғана. | |
| 20. | **Жанесеев Қуат, Елтай ауылының тұрғыны, белсенді азамат:**<br>Камаздар жүргенде шаң болады деп жатыр, соған жауап беріңіз? | **Дәулет Асанов, компания өкілі:** Дұрыс айтады ағам. Негізі тасымалдау бұрын «Аралсода» компаниясы Жаксықылышта тұзды алған кезде, тіпті теміржол составы көлдің үстімен де жүрген. Кішкентай вагонеткалармен солай тасып жүрді. Содан кейін Еуропалық стандартқа өткеннен кейін ол жерде рекомендация берілді: вагонеткамен көлдің үстімен тасуға болмайды деп. Сол кезде баска технологиялар карастырылды.<br>Бұл — әлемдік тәжірибемен келген нәрсе. Жаңа айттым, тұзды өндірген кезде қалдықтар болады. Сол калдықтардан уақытша жол жасап, сол көлдің бетімен сол жолдармен жүріп тасымалдай береді. Оның үстіне жеке жол салудың қажеті жоқ. Дәл сондай технологиямен келмекші. Тіпті оның фотоларын казір көрсете аламыз. Рапасы да — бәрі тап-таза. | |
| 21. | **Қоқажан Фазылов, кент тұрғыны:** Жаңа айттыңыздар ғой, өндірілген тұзды шетелге жібереміз деп. Қандай шетелге жібересіздер?<br>Россияға кандай?<br>Рапада редкий металл бар. Жоқ, енді тұзды кайдан аласыз? Тұзды шығармаймын деп отырсыз ғой. | **Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-н құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>Россия, Европа, Турция, Қытай.<br><br>Біз жоғарыда айттық қой сіздерге: 10 га жерден біз бірінші технологияны таңдаймыз. Тұз емес біз шығаратын. Түсініп алыңыздар, техникалык тұз емес. Баска заттарды шығарамыз. Таблетированный тұз шығарамыз. **Асанов Дәулет, компания өкілі:** Сіз кішкене казбалау жұмыстары мен өңдеу жұмыстарын шатастырып отырсыз. Дәл казір тыңдалымға келіп отырғанымыз — казбалау жұмыстары. Өндірісті әлі білмейміз. | |
| 22. | **Мурзин Артур, аудан әкімінің орынбасары, қоғамдық тыңдау төрағасы:** | **Асанов Дәулет, компания өкілі:** «Аралтұз» зауыты үлкен модернизациядан өтті. Дәл казір міне осындай өнімдер шығып жатыр: | |



35

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Халықтың сұрағы дұрыс. Бізге әкімдікке келгенде де «сода өндіреміз» дедіңіздер, ас содасы, сосын экстра-класс тұз — әуелде келгенде солай айтылды. Енді халықтың сұрағы: тұзды алғанда накты кандай зауыт болады?<br>Сіздер өз сөздеріңізге карсы шығып отырғандай болып отырсыздар. Біз «пока білмейміз» дейсіздер. Накты айтыңыздаршы, міне мынадай тұз шығады деп (слайд). Міне, 10 га жерде тұз алып, зерттейді, зерттегеннен кейін егер сапасы сәйкес келсе, Индер ауданындағы тұзды көлден алынған тұздан осындай өнімдер шығарамыз деп жоспарлап отыр.<br>Осы өнімдеріңізді таныстырып шығыңызшы? Сіздер тек терминмен айтасыздар, накты айтыңыздаршы. | кәдімгі ас тұзы, экспорттықтұз — шетелге шығатын, косметикалық тұз (жуынуға арналған), көктайғакка карсы реагент, және жем тұзы. | |
| 23. | **Вадим Кулмаганбетов, тыңдауға катысушы:**Аралтұздың жобасын айтып жатыр ма, әлде Аралсода жобасын айтып жатыр ма? | Жауап жок. | |
| 24. | **Кокажан Фазылов, кент тұрғыны:**Жаңа сіз «экстра тұз шығарамыз» дедіңіз, ал сіз білесіз бе, Индердің тұзы экстраға бармайды.<br><br>Мен сізге айтайын, бармайды. Бұдан 30 жыл бұрын Аблязов бастап келіп, бізге келіп, соны дәлелдеп кетті. Сіздер казір калай істейтіндеріңізді мен бәрін біліп отырмын, бірақ айтпай-ақ қояйын.<br>Сен 30 жылда тұздың құрамын өзгерте алмайсың. Тұздың құрамы калай болды — солай калады.<br><br>Индер көлінде тек земснарядпен өндіру технологиясы болуы керек. Тек кана земснарядпен өндірілуі керек. | **Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-ң құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>Бара ма, бармайма — оны сіз де, біз де накты айта алмаймыз. Соны біз зерттейміз.<br>**Асанов Дәулет, компания өкілі:** Аға, 30 жыл бұрын интернет болдыма, осындай телефондар болдыма? 30 жылда технологиялар өзгерді ғой, аға.<br>**Жаханов Өміржан, «АралТұз» ЖШС-ң құрылыс және әлеуметтік обьектілер жөніндегі директоры:**<br>Ағасы, тұздың құрамы өзгермейді, бірак өнімнің құрамы өзгереді ғой.<br>**Асанов Дәулет, компания өкілі:**Жаңа сіз айтып отырсыз, бұрын Жақсықылышта темір жол көлдің бойында салынған болатын. Қазір соны алып, мына технологияға көшті (слайд). Дәл тұздың өзінен жол жасап, уақытша камаздар үстімен жүре береді. Жаңа сіз экскаватор істей алмайды дедіңіз. Аға, 30 жылда технология дамыды. Міне, істеп тұр. | |
| 25. | **Мұканов Марат, зейнеткер, эколог-маман:**<br>Мен жаңа айттым ғой, Индер көлінің үстінде бұрғылау жұмыстарын 80-жылдары жүргізіп, корын анықтап, тұздың құрамын толық зерттеп, үкіметке тапсырдық — КСРО-ға және Қазақстан Республикасы Геология министрлігіне, ЗапКазгеологияға. Сендер сол деректерді алып отырсыңдар. Сондықтан «біз кайта зерттейміз» дейсіңдер. Нені зерттейсіңдер? Біз оны баяғыда зерттеп койғанбыз. | **Асанов Дәулет, компания өкілі:** Сіз жаңа айтып отырсыз — өндіріс туралы. Мен тау-кен жұмыстарына жакынмын, геологияға да жақынмын. Кеңес Одағы кезінде алтынның құрамында 5 грамнан аз болса карамай, отвалға тастай беретін. Қазір Қазакстанда технология дамығаны соншалық — 0,1 грамнан да мыс өндіріледі. Бұрын 15 грамнан төмен болса карамайтын, бәрі калдықка кететін.<br>Сол себепті казір бәрі өзгеріп жатыр. Сіз «неге зерттейсіздер?» дейсіз — казіргі технологиялар өте көп. Қытай, Еуропа, Ресей ұсыныстар береді. Соның кайсысы тиімді екенін білу үшін осы шикізат керек. Содан кейін жұмыс істеп тұрған ұқсас зауыттарға партия жіберіледі, олар өндірісті көрсетіп, регламент ұсынады. Оның ішінде құны да, өнімнің өзіндік құны да есептеледі. Сол | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | ұсыныстардың ішіненең тиімдісін таңдап, компания біреуін алады. | |
| 26. | **Қокажан Фазылов, кент тұрғыны:** Насыпной жолды біздер де жасадық, шторм соққанда сенің насыпной жолың жоқ болады. Сосын отходтан насыпной жол жасаймын дейсің, ол бармайды. Мүмкін сіздерге баратын шығар, Индерге бармайды ол. | **Асанов Дәулет, компания өкілі:** Рақмет пікіріңізге. Біз сіздерге нақты қолданып жатқан практиканы көрсетіп отырмыз. Баяғы нәрсе емес, қазіргі заманғы заманауи техниканы көрсетіп отырмыз. | |
| 27. | **Есенбай Нуров, қоғам белсендісі, Қызылқоға ауданы, Миялы ауылының тұрғыны:**<br>1.Лицензияның заңдылығы бойынша<br>Индер көлі 2006 жылғы №932 Үкімет қаулысымен қорғалатын нысандар тізіміне енгізілген.<br>Осындай аумақта 2021 жылы лицензия қандай заң нормасына сүйеніп берілді?<br>2024 жылы ғана қоғамдық тыңдау өткізу тапсырылған.<br>Онда неге лицензия 3 жыл бұрын берілді? Бұл – рәсімдердің өрескел бұзылуы емес пе?<br>2. Қоғамдық тыңдау мен ашықтық<br>Нақты лицензия аумағы – 1370 гектар.<br>Неге қоғамдық тыңдауда тек 9,97 гектар ғана қарастырылып отыр?<br>Бұл қоғамды жаңылыстыру әрекеті емес пе?<br>3. Қол қою бонусы<br>1370 гектар үшін бонус – 291 000 теңге.<br>Бұл қандай есептеу әдістемесімен анықталды?<br>Бонус төленді ме? Төленсе, растайтын құжаттар қайда?<br>Мұндай көлемдегі жер үшін бұл сома шынайы нарықтық құнға сәйкес келе ме?<br>4. Экологиялық бағалау (ҚОӘБ) міндетті қоршаған ортаға әсерді бағалау<br>Экология департаменті ҚОӘБ міндетті қоршаған ортаға әсерді бағалауды қажет емес деген.<br>Қандай нақты бапқа сүйенді?<br>Тұйық көл жағдайында бұл шешім қалай қабылданды?<br>Бұл шешім үшін кім жеке жауап береді?<br>5.Ластаушы заттар көлемі<br>14 түрлі ластаушы зат, жылына 136 тонна (тек 9,97 га үшін).<br>1370 гектарға шаққанда нақты шығарындылар қанша болады?<br>Неге толық есеп берілмейді?<br>50 мың теңге төлем – экологияға келетін зиянға сай ма, әлде формалды көрсеткіш пе?<br>6. Индер көлінің ерекшелігі<br>Индер – тұйық көл. Сіздер ластаушы заттардың жиналып, қайтымсыз өзгеріс әкелетінін мойындайсыздарма?<br>10–20 жылдан кейін көлдің химиялық құрамының өзгеру тәуекеліне кім жауап береді? | **Асанов Дәулет, компания өкілі:**<br>1)Жердің оформлениясы бойынша: Негізгі экологиялық кодекс 68 бабында нақты жазылған. ОВОС процедурасы кезінде жаңағы қоршаған ортаға бақылау әсері, ол жерде жер актісін қолға алу міндет емес. Неге жер актісі жоқ дейсіз? Жер кодексі бар. Жер кодексінде нақты жазылған кен игеру орындары жер игеру орындарында жерге заявление тапсыру үшін қолында добычаға лицензия болу керек деген. Сондықтан бірінші осындай процедурадан бәрін өтіп лицензия алуымыз керек, лицензиядан кейін барып қана бізде құқық пайда болады әкімшілікке заявление жазып жер сұрауға. Дәл сондықтан біздің қолымызда қазір өндіріске жер актісі жоқ. Бұл заңға сәйкес келеді.<br><br>2)Негізі Қазақстанда экологиялық кодекс бар. Жер қойнауы кодексі бар. Соларға сай сүйенсек жер пайдалы қазбаларды тек сен жұмыс істейтін учаскеде жер асты сулардың бекітілген қоры болса жұмыс істеуге болмайды деп бекітілген. Сондықтан презентацияда арнайы көрсеттім бізде мемлекеттік органын хаты бар. Біз жұмыс істегелі отырған аймаққа жер асты сулардың қорлары жоқ. Сондықтан біз спокойно жұмыс істеуге рұқсатымыз бар. Неге жаңағы тасымалданбалы су, қайда қауіпсіздік дейсіз, ия? Бұл тек ғана ауыз суы. Ауыз суын любой посудамен әкеліп қойып адамдарды қамтамасыз етесін. Бұл техникалық су емес технологиялық су емес. Сондықтан любой водовоз қойдың іштің пайдаландың болды.<br><br>3) Жаңа сіз айтып отырғандай осындай заявление тапсырған кезде нақты жобаға тапсырылады. Сіз айтып отырған бізде тек ғана 10 гектарға добычаны жасамақшымыз, қазбалау жұмыстарын. Сондықтан дәл осы жерге ғана есептеулерді жасадық. 700 тоннада қаншама ластауыш зат дейсіз? Оның іші бәрі проектінің ішінде берілген, негізгі бізде примерно 0,1 тонна ғана шығады жаңағы жанар жағар май қолдану кезінде көліктен. Ол көліктен шыққан ластаушы заттар экологиялық кодекстің талаптары бойынша нормативтердің ішіне енбейді. Бұл жылжымалы көліктерден жылжымалы ластау көзі деп танылады.Сондықтан бұл жерде тек қана қолданған жанар жағар майға фиксированный ставкамен налогты төлейді болды. Жаққандағы ластаушы заттар нормативке кірмейді. Бұл әрі методикаға сәйкес. | |



37

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 7.Сольвей технологиясының салдары<br>Жылына қанша кальций хлориді ($CaCl_2$) қалдығы түзіледі?<br>Бұл қалдық қайда жиналады?<br>Неліктен қалдықтарды басқару бойынша нақты жоспар ұсынылмаған?<br>8.Денсаулыққа әсері<br>Тұзды шаңның ($NaCl$, $CaCl_2$, $Na_2CO_3$) таралу аймағы қандай?<br>Тұрғындар үшін тәуелсіз медициналық-экологиялық зерттеу жүргізілді ме?<br>Балалар мен қарттар үшін қауіп деңгейі есептелді ме?<br>9.Жер асты сулары<br>Жер асты суларының тұздану тәуекелі модельденді ме?<br>Ауыз су сапасы нашарлаған жағдайда жауапкершілікті кім алады?<br>10.Компанияның сенімділігі<br>2019 жылдан бері Қызылорда облысы Арал ауданында сода зауыты аяқталмаған.<br>Бір жобаны аяқтамай жатып, жаңа кен игеру қаншалықты негізді?<br>Бұл жерде нақты өндіріс пе, әлде шикі затты сыртқа шығару ма?<br>11.Альтернативті орын<br>Неліктен өздеріңіздің Қызылордадағы кен орындарыңыз жеткіліксіз?<br>Индер көлі не үшін таңдалды – экономикалық тиімділік пе, әлде жергілікті тұрғындар тарапынан экологиялық әлсіз бақылаума?<br>Индер көлі – жай ғана ресурс емес. Бұл – тұйық экожүйе.<br>Мұнда жіберілген әрбір қате – қайтып түзелмейтін салдарға әкеледі.<br>Біз эмоциямен емес, ғылым мен сөйлеп отырмыз:<br>Тұйық көл дегеніміз ешқайда ағып кетпестен мәңгілікке жиналатын ластану.<br>Көлімізге лас жиналу дегеніміз ешқашан кері қайтымсыз өзгеріске түседі.<br>Көлімізде қайтымсыз өзгеріс болса, болашақ ұрпағымызға зиянды Индер көлін қалдырамыз!<br>Мен қысқаша бір маңызды экологиялық рәсімге тоқталғым келеді. Ол – ҚОӘБ (ОВОС), ягникоршағанортағаәсердібағалау.<br>ОВОС – орысша "оценка воздействия на окружающую среду".<br>Бұл – кез келген өндірістік жоба басталмай тұрып, оның табиғатқа және адам денсаулығына қандай әсер ететінін алдын ала ғылыми түрде есептейтін міндетті рәсім.<br>Яғни, қарапайым тілмен айтқанда:<br>Жоба іске асса – ауа, су, топырақ, адамдардың денсаулығы қандай өзгеріске ұшырайды – соның бәрі алдын ала дәлел мен есептелуі тиіс.<br><br>ОВОС тек қағаз үшін жасалмайды. Ол | 4) Ол жерде біз мемлекеттік органдардан арнайы справкаларды аламыз. Атырау облыстық жануарлар әлемінің басқармасынан алдық сол жерде көрсетті ерекше қорғалатын табиғи аймақтың жеріне кіріп тұрған жоқ, бірақ жануралардың өту жерлері болу мүмкін деп. Бұл жерде былай түсіндіріп берейін жанурлар дегеніміз бұл бір тұяқтылардың мекендеу орындары. Нақты осы Атырау облысының бойымен нақты жүретін жерлер бекітілмеген. Жануарлар қайда жүргісі келеді сол жерде жүреді. Бірақ бекітілген жерлері баяғыда мысалы үшін охото зоопром инспекторлары бар мына жерде көрдім дейді де картаға үлкен ариалды салады. Бұл бүкіл облыстың жері. Ол жерде неге не етпейді десеңіз? Біз инспекцияға арнайы хат жолдадық қосымша материалдарымызды жібердік. Сол кезде инспекцияда істейтін мамандар қарап е мынау көлдің ішінде істейтін жұмыс екен ғой деп келісімді берді.Егерде біз жаңа жерді алып жатсақ құрғақ жерді сушадан онда нақты біз жеке исследовательский центрді әкеліп айтушы едік пожалуйста бізде екі сезон қарастырылады көктемгі кез, күзгі кез. сол жерде наблюдение жасап одан кейін барып береді заключенияны. Мына жерде ондай органдар облыстың бойында өтіп жатырса да дәл осы жерде жануарлардың жүретін жерлері бар ма жоқ па деп. Егер бар деп жатырса онда арнайы іс шаралар қолданылады. Мына жерде көлдің бетінде болғандықтан ешқандай іс шараны жасап қажеті жоқ.Келісімдер арнайы алынған. Заң бойынша көрсетілген.<br><br><br>5)Бұл сұрағыңыз көбіне экология департаментіне болады. Бірақ мына эмиссиялар есебіне қатысты жағын атап өтейін. Неліктен 135 тонна? Енді былай, практиканы қарасақ, тұз өндірісі кезінде ластаушы заттардың шығарындысы өте аз болады. Мысалы, жұмыс істеп тұрған Индертұз компаниясының эмиссиялары жалпы алғанда 1,8 тонна ғана. Неліктен біз 135 тонна деп есептедік? Біз оны әдейі 135 деп көрсеттік, өйткені ОВОС дегеніміз не? Бұл – ең жаман болатын сценарийді қарастыру.<br>Сол кезде біз есептеулерді жасағанда былай деп қарастырдық: әдетте судың бетінен алынған тұз 100 пайыз құрғақ болады. Сол құрғақ тұзды бір жерден екінші жерге тасымалдағандағы шаңның ең максималды мөлшері – осы 135 тонна. Ал негізінде, жоғарыда айтып өткенімдей, көлдің астынан шығатын тұздың ылғалдылығы 20 пайыздан көп болады. Негізгі методика бойынша, 20 пайыздан жоғары ылғалдылық болса, эмиссияны мүлде есептеудің қажеті жоқ. Ал егер 10 пайыздан жоғары деп алсақ, онда есептелген эмиссияға 0,01 коэффициентін қосу керек, яғни 100-ден 1 бөлігі ғана алынады. | |



38

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бірнеше негізгі сұраққа жауап беруі керек:<br>Қазіргі экологиялық жағдай қандай?<br>Жоба іске асса, қандай ластаушы заттар және қандай көлемде шығады?<br>Ол заттар адам денсаулығына қалай әсер етеді?<br>Жер асты суы, көл экожүйесі қандай өзгеріске ұшырайды?<br>Қайтымсыз зиян қаупі бар ма?<br>Ең маңыздысы – тұйық су айдыны жағдайында (Индер көлі сияқты) бұл бағалау ерекше қатаң болуы тиіс. Себебі мұндай жүйеде ластаушы зат сыртқа шықпайды, керісінше жинала береді.<br>Бір конистр мұнай әр түрлі нәрсе төгілетін болса сол күйінде мәңгілікке қалады. Әлде бұл рәсім формалды түрде өткізілеме? Егер ОВОС толық ашық жасалмаған болса онда бұл жоба экологиялық қауіпсіз деп айту мүмкін емес.<br>Мен мына «Заявление о намечаемой деятельности» атты жоба құжатына сүйене отырып, «Арал Сода»-ның мамандарына 10 нақты сұрақ қойғым келеді.<br>Жер көлемі және құқық мәселесі (8-бөлім)<br>Құжатта нақты көрсетілген:<br>«Площадь участка недр составляет 0.0997 км$^2$ (9,97 га)» және сонымен қатар: «отсутствуют юридические основания для обращения… за получением акта на землю»<br>**Сұрақ:**<br>1)Жерге құқық әлі рәсімделмеген болса, бұл жоба қалай заңды түрде қоғамдық тыңдауға шығарылып отыр?<br>Нақты лицензия аумағы – 1370 гектар.<br>Неге қоғамдық тыңдауда тек 9,97 гектар ғана қарастырылып отыр?<br>Бұл қоғамды жаңылыстыру әрекеті емес пе?<br>2)Су ресурстары (8-бөлім)<br>Құжатта:<br>«Вода для питьевых нужд – 1,25 м3/сут… привозная»<br>Сұрақ: Су тек тасымалданады делінген. Апаттық жағдай немесе ұзақ мерзімді жұмыс кезіндет ұрақты су қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?<br>Жер асты суларының тұздану тәуекелі модельденді ме?<br>Ауыз су сапасына шарлаған жағдайда жауапкершілікті кім алады?<br>3)Отын шығыны (8-бөлім)<br>Құжатта:<br>«Расход дизтоплива составит 700 т/год»<br>Сұрақ:<br>700 тонна дизель жануы атмосфераға қосымша қандай ластану әкеледі және бұл есепте қалай ескерілген?<br>14 түрлі ластаушы зат, жылына 136 тонна (тек 9,97 га үшін). | Сонда жалпы қарап отырсақ, негізгі ластаушы заттардың нақты шығарындылары шамамен 1,5 тонна маңайында болады.<br>Енді "неліктен объектіні жеңілдетілген процедураға жіберіп отыр?" деген сұраққакелсек: Экологиялық кодексте кәсіпорындарды категориялау бойынша арнайы талаптар бар. Сол жерде көрсетілгендей, ластау объектілері екінші санатқа тек ластаушы заттардың көлемі жылына 500 тоннадан асқанда ғана жатады. Бізде 135 тонна – бұл максималды есеп. Демек, шын мәнінде біз үшінші санаттағы объектіге жатамыз. Біз тек өзімізге қатаңырақ шарттарды қолдана отырып, екінші санат ретінде көрсетіп отырмыз.<br>Ал процедураның неге жеңілдетілген тәртіпке жіберілгеніне келсек, экология департаменті мыналарды ескереді: өндіріс көлемі аз, учаске шағын, су пайдаланылмайды, жаңа технологиялар қолданылып отыр, тереңдігі бар болғаны 3 метрге дейін. Сондықтан барлық факторларды қарап, осы жобаны жеңілдетілгенпроцедураға жіберген деп ойлаймын.<br>Жалпы, мұндай өтініштерді қарастыру кезінде ОВОС жүргізу бойынша арнайы нұсқаулықтар бар. Сол бойынша әр мемлекеттік органның мамандары ықтимал тәуекелдерді бағалайды: не болуы мүмкін, қандай әсері бар – барлығын сараптап барып шешім қабылдайды (ОВОС қажет пе, жоқ па).<br>Айта кетейін, шамамен 2–3 жыл бұрын Индертұз компаниясы да дәл осындай өтінішті экология департаментіне тапсырған болатын. Ол кезде де компания жеңілдетілген процедураға жіберілген. Алайда, өкінішке қарай, рұқсат материалдары қалай өткенін нақты айта алмаймын, себебі тыңдаудың бейнежазбасы еш жерде жоқ.<br>Дегенмен, беріліп отырған қорытынды мен тәжірибе қазіргі практикаға толық сәйкес келеді. Бізге қандай да бір ерекше шарттар қойылып отыр деп айтуға болмайды.<br><br>6) Халықтың денсаулығына скрининг жүргізу мәселесіне келсек, мұндай жұмыстарды жеке кәсіпорындар жүзеге асыра алмайды. Неліктен десеңіздер, бұл үшін адамдардан биоматериал алу қажет, ал оны тек мемлекет қана жүргізе алады. Арнайы скринингтер бар: өздеріңіз білетіндей, қазіргі таңда мемлекет белгілі бір жасқа келген адамдарға қатерлі ісікке, жүрек ауруларына және басқа да ауруларға тексерулер жүргізіп отыр. Мұндай скринингтерді ешқандай жеке меншік компаниялар жасамайды.<br>Енді тұздың таралуы туралы нақтырақ түсіндіріп өтейін. Егер жобалық материалдарды ашып қарасаңыздар, біз арнайы есептеулер жасадық. Санитарлық-қорғау аймағы ретінде 500 метр алынды, және бұл 500 метр толықтай көлдің ішінде орналасқан. Есептеулер бойынша, ластаушы зат – натрий хлоридінің мөлшері осы 500 метрлік санитарлық-қорғау аймағында | |



39

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Толық 1370 гектарға шаққанда нақты шығарындылар қанша болады?<br>Неге толық есеп берілмейді?<br>4) Жануарлар дүниесі (8-бөлім)<br>Құжатта:<br>«Пользование животным миром не предусматривается» және: «существуют пути миграции птиц и животных»<br>Сұрақ:<br>Миграциялық жолдар бар екені көрсетілген болса, өндірістік жұмыс сол табиғи қозғалысқа қалай әсер етеді?<br>5) Атмосфераға эмиссия (9-бөлім)<br>Құжатта:<br>«Натрий хлорид (Поваренная соль) - 135.0919 т/год» және: «Количество загрязняющих веществ… 136.06584 т/год»<br>Сұрақ:<br>135 тонна тұз шаңы және жалпы 136 тонна эмиссия жағдайында неге бұл жоба толық ҚОӘБ (ОВОС) емес, тек скринингпен шектелген?<br>Экология департаменті ҚОӘБ/ОВОС міндетті қоршаған ортаға әсерді бағалауды қажет емес деген.<br>Қандай нақты бапқа сүйенді?<br>Тұйық көл жағдайында бұл шешім қалай қабылданды?<br>Бұл шешім үшін кім жеке жауап береді?<br>6) Тұз шаңының әсері (9-бөлім)<br>Құжатта негізгі ластаушы ретінде натрий хлориді көрсетілген.<br>Сұрақ:<br>Бұл көлемдегі тұз шаңының жердің тұздануына және жайылымдардың деградациясына әсері толық зерттелді ме?<br>Тұзды шаңның ($NaCl$, $CaCl_2$, $Na_2CO_3$) таралу аймағы қандай?<br>Тұзды шаңның әсері туралы тұрғындар үшін тәуелсіз медициналық-экологиялық зерттеу жүргізілді ме?<br>Балалар мен қарттар үшін қауіп деңгейі есептелді ме?<br>7)Жұмыс көлдің бетінде (6-бөлім)<br>Құжатта:<br>«Добыча планируется осуществлять с поверхности соляной залежи»<br>Сұрақ:<br>Көлдің беткі қабатынан тікелей өндіру жүргізілсе, бұл табиғи гидрологиялық және экологиялық балансқа әсер етпей ме?<br>8) Маусымдық режим (6-бөлім)<br>Құжатта:<br>«Поверхностная рапа покрывает всю площадь озера только в осенне-зимний период»<br>Сұрақ:<br>Маусымдық су режиміне араласу көлдің табиғи қалпына келуіне әсеретпей ме?<br>9) Рекультивация (7-бөлім) | нормативтен аспайды.<br>Бұл – қауіптілігі 3-кластағы ластаушы зат. Қазақстанда ең қауіпті ластаушы заттар 1 және 2-класқа жатады, ал 3 және 4-кластар салыстырмалы түрде қауіпсіз болып есептеледі.<br>Сонымен қатар, біз қосымша есептеулер жүргіздік: ауылдың шетінде қандай көрсеткіш болады, көл жағасында қандай болады деген сияқты. Санитарлық-қорғау аймағының 8 бағыты бойынша (солтүстік, солтүстік-шығыс, шығыс және т.б.) нүктелер алынды.<br>Осы есептеулердің нәтижесі бойынша, ПДК (шекті рұқсат етілген концентрация) деңгейі ауыл шетінде небәрі 0,1 мөлшерін ғана көрсетіп отыр, яғни рұқсат етілген деңгейден айтарлықтай төмен.<br><br>7) Негізі, Қазақстанның Су кодексі бар, былтыр жаңа редакциясы қабылданды. Ал бастапқы нұсқасы 2006 жылы қабылданған болатын. Сол бірінші редакциясында су айдындарының ішінде өндіріс жүргізуге нақты шектеулер болмаған.<br>Қазіргі таңда Су кодексі жаңартылды, онда су бетінде пайдалы қазбаларды өндіруге тыйым салынған. Алайда тұз өндіруге рұқсат берілген. Бұл туралы 86-бапта нақты көрсетілген, оқып танысуларыңызға болады.<br>“Қалай әсер етпейді?” деген сұраққа келсек: тұзды, әрине, судан алады, басқа жерден алынбайды. Бірақ бұл үшін арнайы іс-шаралар қарастырылған. Атап айтқанда, бассейндік инспекциямен келісім алу қажет. Біз бұл келісімді алдық.<br>8) Бұның бәрін біздің горняктар қарап анықтады. Негізі тұздың көтерілу уақыты – қыс мезгілі. Сондықтан қыс кезінде жұмысқа кіріспейміз, рапаның жиналуын күтеміз. Ал жаз мезгілінде булану кезінде рапа (испарение) азаяды, сол кезде қазбалау жұмыстары жүргізіледі.<br>Жалпы, рапаның көтерілуі мен азаюы – маусымдық құбылыс, яғни жыл мезгілдеріне тікелей байланысты.<br>9) Бұл тұз өндірудің ерекшелігіне байланысты: өндіру аяқталғаннан кейін рападан тұз табиғи түрде қайта түзіледі. Біз қазбалау жұмыстарын аяқтаған соң, шамамен 10 жылдың ішінде тұз қабаты толықтай қалпына келеді.<br>Сондықтан рапаның табиғи тепе-теңдігін бұзбау үшін қазылған орындарға ештеңе төгудің қажеті жоқ. Бұл қатты пайдалы қазбаларды өндіретін кеніштер сияқты емес, мұнда процесс мүлде басқаша жүреді.<br>10) Халықаралық деңгейдегі талаптарға сай, біз бұл процесті Экологиялық кодекс аясында өткізіп жатырмыз. Бұл кодекс 2021 жылы қайта қабылданған болатын. Оны әзірлеу және талқылау барысында өзім де атсалыстым.<br>Бұл кодекстің 2007 жылғы нұсқадан айырмашылығы өте көп. Ағамыз айтып өткендей, қазіргі процедуралар әлдеқайда | |



40

| | | | |
|---|---|---|---|
